

Педагогтердің лауазымдарына орналасуға конкурстық комиссиясының №14 отырыс
хаттамасы

Абай облысы білім басқармасы
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Семей қаласы

«16» қараша 2023 жыл.

Қатысқандар: Комиссия төрағасы, комиссия мүшелері, бос лауазымға үміткер оқытушылар мен комиссия хатшысы.

Қатыспағандар: 0 (байланысқа шықпауына байланысты)

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға құжаттар қабылдау мерзімі: 2023 жылдың 08-15 қараша аралығын қамтыды.

Тыңдалды: Комиссия хатшысы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжіндегі бос лауазымдармен таныстырды: 1.Әдіскер -1 жүктеме; 2.Тарих пәнінің оқытушысы – 1 жүктеме, 5.Педагог-психолог – 1 жүктеме. Сондай-ақ хатшы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін конкурсты өткізу ережелерімен таныстырып өтті. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасу конкурсына жалпы 3 үміткер шақырылды, соның ішінде 2 үміткер келді. Конкурсқа қатысқан бір үміткер әдіскер лауазымына, екінші үміткер тарих пәнінің оқытушысы лауазымына үміткерлер.

Колледж директоры Ш.А.Жанаева колледжде ұсынылып отырған бос лауазымдар бойынша ақпарат беріп өтті. Педагогтердің жұмыс уақыты мен еңбек тәртібі бойынша да сөз қозғалды. Колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды. Оқу орнында Әдеп кодексі сақталатындығы туралы айтылды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К. Боленбаева педагогтердің біліктілік санаттары мен жетістіктеріне басты назар аударылатындығын атап кетті. Жанартылған білім беру мазмұны әдіс-тәсілдерін меңгеруге басымдық беріледі. Сабақтың процесі туралы да сөз қозғалды.

Колледж кәсіподақ ұйымының төрағасы Л.Н. Нугумарова: колледждің кәсіподақ комитеті туралы қысқаша мәлімет берді, кәсіподақ туралы мәлімет алу үшін, кәсіподақ ұйымы комитетінің төрағасы ретінде маған хабарласуларыңызға болады. Сондай-ақ, комиссия мүшелері үміткерлердің ұсынылған құжаттарын зерттегеннен кейін кандидаттардың кәсіби қасиеттерін бағалау үшін әңгімелесу өткізді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: 2023-2024 оқу жылына арналған оқытушылардың бос лауазымдарға орналасуға конкурс комиссиясының шешімі бойынша 1 (бір) үміткер қабылданды.

Қаулы:

1. Әдіскердің бос лауазымына **Омарбекова Гульбану Кабылжановна** конкурстан өтті.

